

Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы № 170 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 қыркүйекте № 5510 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № А-2/24 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № А-2/24 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 28.10.2019 № 244 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің орынбасары Ж.К. Шахпұтоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

Т.Ерсейітов

Астрахан ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "5" тамыз
№ 170 қаулысына қосымша

Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі

1. Еңбекақы және өзге ақшалай төлемдерді төлеу, соның ішінде техникалық персоналдың еңбекақысы және еңбекақыдан барлық ұстап қалулар.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған ақшалай өтемақылар.

3. Алимент, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, жәрдемақылар және өзге әлеуметтік төлемдер, шәкіртақылар.

4. Банк қызметтеріне төлем жасау, қарыздық міндеттемелерді өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер, салықтар және бюджетке төленетін өзге міндетті төлемдер.

5. Жанармай сатып алу (ғимараттарды жылытуға қатысты), тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер, азық-түлік және дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін шығындар, іссапар шығындары.

6. Атқарушылық құжаттарды және сот актілерін орындау.

7. Ағымдағы трансферттер, даму трансферттері, республикалық және облыстық бюджеттен бөлінетін кредиттер.